

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**

**Министерство образования и
науки Республики Казахстан**



2021 жылғы 21-22 қыркүйек

Баспасөз хабарламасы

ҚР БҒМ Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тапсырмасы бойынша «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетін 2021 жылғы 21-22 қыркүйекте ZOOM интернет платформасында қашықтық форматында, сонымен қатар онлайн режимінде өткізеді.

Балаларға қосымша білім берудегі балалар мен жасөспірімдер туризмі және өлкетану білім алушыларды тәрбиелеудің, оқытудың, сауықтыру, кәсіби бағдарлаудың, әлеуметтік бейімделуінің, салауатты өмір салтын сүрудің, үздіксіз білім берудің тиімді жүйесін және балалар мен жасөспірімдерді дамытудың тиімді құралы.

Балалар мен жасөспірімдердің спорттық туризмі тек спорт пен демалыс емес, сонымен қатар дене, рухани және патриоттық тәрбиенің көзі болып табылады.

Республикада 80 мыңнан астам мектеп оқушылары жас туристер станцияларында, орталықтарында, оқушылар сарайларының туристік-өлкетану зерттеу үйірмелерінде, балалар шығармашылығы орталықтарында айналысады, бұл білім алушылардың жалпы санының 2,8 пайызын қамтиды.

Слеттің мақсаты: балалар мен жастарда азаматтылық пен отаншылдық сезімдерін тәрбиелеу, экспедициялық жасақтардың туристік қызметін жандандыру жолымен салауатты өмір салтын насихаттау.

Слетке «Менің Отаным – Қазақстан» туристік-өлкетану экспедициялық жасақтарының облыстық, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалық слеттерінің жеңімпаз топтары – республиканың жалпы орта және қосымша білім беру ұйымдарының білім алушылары қатысады.

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
010000, Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік Ел даңғылы 8, подъезд 11, тел.: +7 (7172) 74-24-14*

E-mail: pressa@edu.gov.kz

Слет бағдарламасында туристік экспедиция маршруттары мен өлкетану зерттеу жобалары, экологиялық экспедициялардың презентациялары жоспарлануда. Сондай-ақ «Жорықта зардап шеккендерге алғашқы медициналық көмек көрсету», «Туризм білімпаздары» номинациялары бойынша үздік қатысушылар анықталатын болады.

Слетке қатысу балалардың өз қабілеттеріне сенімді болуына тапқырлық, шыдамдылық, ептілік танытуға мүмкіндік береді және олардың спорттық дарындарын одан әрі жетілдіруге бағытталған.

«Менің Отаным – Қазақстан» туристік экспедициялық жасақтардың республикалық слетін өткізу ізгі ниетті, ашық және мәдениетті жеке тұлғаны тәрбиелеуге, балаларды туған өлкенің тарихи, мәдени және рухани мұрасына, кіші Отанын зерттеуге тартуға, туристік-өлкетану экспедициялары арасынан ең үздік экспедициялық жасақтарды анықтауға ықпал етеді.

Слеттің жеңімпаздары дипломдармен және құнды сыйлықтармен, жеңімпаздардың жетекшілері алғыс хаттар, барлық қатысушылар сертификаттар алады.

Қосымша ақпарат алу үшін келесі телефонға хабарласуға болады:
8 (7172) 64-27-24; e-mail: nt_ekotur@mail.ru.